

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медальдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 мамырдағы N 865 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 155 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.30 N 155 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 21-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы қызметтің мәртебесін арттыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрылуының он жылдығын атап өту құрметіне қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мынадай медальдары тағайындалсын:

- 1) "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл";
- 2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері";
- 3) I, II, III дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін";
- 4) "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін";
- 5) "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін". <*>

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен

2. 1, 2, 3, 3-1, 3-2-қосымшаларға сәйкес осы Жарлықтың 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері медальдарының сипаттамасы бекітілсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен

3. 4, 5, 6, 6-1, 6-2-қосымшаларға сәйкес осы Жарлықтың 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медальдарымен наградтау ережелері бекітілсін. <*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен

4. 7-қосымшаға сәйкес осы Жарлықтың 1-тармағында аталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері медальдарының сипаттамасы мен куәліктерінің үлгілері бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің медальдары мен олардың

куәліктерін дайындау жөніндегі шығыстар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын ұстауға республикалық бюджетте көзделетін қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болып бекітілсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

1-қосымша

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл"

мерекелік медальдің сипаттамасы

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" мерекелік медаль диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер пішінінде жезден жасалады.

Медальдің алдыңғы бетінде лағыл түсті, тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз, күн мен шарықтай ұшқан бүркіт бейнеленген. Жұлдыз доғал бұрыштар астынан тараған бес сәуле шоғырының аясында орналасқан. Жұлдыздың айналасы лавр бұтақтарымен көмкерілген. Медальдің төменгі бөлігінде "1992" жазуының астынан "2002" деп жазылған.

Медальдың сыртқы бетінде "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" деп жазылған.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңестеу түрде орындалған.

Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жібек муар лентамен тартылған, ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанға жалғасады. Лентаның ортасында ені 3 мм екі алтын түсті жолақ орналастырылған, олардың ортасында ені 2 мм қызыл жолақ, ал алтын түсті жолақтардың шеттерінде ені 9 мм көгілдір түсті жолақтар орналастырылған. Лентаның шеттерінде ендері 2 мм жасыл жолақтар бар. Лентаның ені 30 мм.

Медаль киімге түйреуішпен бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалінің сипаттамасы

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалі сары түсті тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз пішінінде жезден жасалады, жұлдыздың бес тармағының араларына негізгі әскер түрлерінің эмблемалары бар бес қалқан бейнеленген. Медаль ортасында - алтын түсті күн және шарықтай ұшқан бүркіт, лавр бұтақтары бейнеленген және шеңбер түрінде "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" жазуымен көмкерілген. Медальдің алдыңғы беті тотықтырылған.

Медальдардың қарама-қарсы бұрыштарының арасы 38 мм.

Медальдің сыртқы бетінің ортасында "25 жыл" деп жазылған. Медальдің сыртқы беті күңгірт.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңестеу түрде орындалған. Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жібек муар лентамен тартылған, ені 34 мм және биіктігі 50 мм бесбұрышты тағанға жалғасады. Лентаның ортасында ені 17 мм көгілдір түсті жолақ орналастырылған, лентаның оң жағында ендері 1 мм үш қара жолақпен кезек жүргізілген төрт сары жолақ орналастырылған. Лентаның сол жағында ендері 3 және 1 мм екі қызыл жолақ, олардың арасында ені 2 мм көгілдір жолақ орналастырылған. Лентаның ені 30 мм.

Медаль киімге түйреуішпен бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы
N 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а
3-қосымша

I, II, III дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалінің сипаттамасы

I дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалі диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер пішінінде жезден жасалады.

Медальдің алдыңғы бетінде лағыл түсті, тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз, алтын түсті күн мен шарықтай ұшқан бүркіт бейнеленген, ал төменгі жағында "XX" деген рим жазуы және алтын түсті, қызыл жолақты сары лентамен оралған емен мен лавр бұтақтарының өрімі бейнеленген. Медальдің төменгі шеті оюмен өрнектелген, шеңбердің ішкі шетінде қылыш орналастырылған, жоғарғы шетінде "Мінсіз қызметі үшін" деп жазылған.

Медальдің сыртқы бетінің ортасында "Қазақстан Республикасының Қарулы

Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін" деп жазылған.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңестеу түрде орындалған.
Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жібек муар лентамен тартылған, ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанға жалғасады. Лентаның шеттерінде ендері 7 мм көгілдір жолақтар, лентаның ортасында ені 6 мм қызыл жолағы бар, ендері 5 мм екі сары жолақ орналастырылған. Лентаның ені 30 мм.

Медаль киімге түйреуішпен бекітіледі.

II дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалі диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер пішінінде мельхиордан жасалады.

Медальдің алдыңғы бетінде лағыл түсті, тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз, алтын түсті күн мен шарықтай ұшқан бүркіт бейнеленген, ал төменгі жағында "XV" деген рим жазуы және алтын түсті, қызыл жолақты сары лентамен оралған емен мен лавр бұтақтарының өрімі бейнеленген. Медальдің төменгі шеті оюмен өрнектелген, шеңбердің ішкі шетінде қылыш орналастырылған, жоғарғы шетінде "Мінсіз қызметі үшін" деп жазылған.

Медальдің сыртқы бетінің ортасында "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін" деп жазылған.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңестеу түрде орындалған.
Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жібек муар лентамен тартылған, ені 34 мм және биіктігі 50 мм бесбұрышты тағанға жалғасады. Лентаның шеттерінде ендері 7 мм көгілдір жолақтар, лентаның ортасында үш сары жолақ - шеткілерінің ендері 4 мм, ортасындағынікі 2 мм - кезек жүргізілген ендері 3 мм екі қызыл жолақ орналастырылған. Лентаның ені 30 мм.

Медаль киімге түйреуішпен бекітіледі.

III дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалі диаметрі 34 мм дұрыс шеңбер пішінінде мельхиордан жасалады.

Медальдің алдыңғы бетінде лағыл түсті, тегіс екі қырлы сәулелі бес бұрышты дөңес жұлдыз, алтын түсті күн мен шарықтай ұшқан бүркіт бейнеленген, ал төменгі жағында "X" деген рим жазуы және алтын түсті, қызыл жолақты сары лентамен оралған емен мен лавр бұтақтарының өрімі бейнеленген. Медальдің төменгі шеті оюмен өрнектелген, шеңбердің ішкі шетінде қылыш орналастырылған, жоғарғы шетінде "Мінсіз қызмет үшін" деп жазылған.

Медальдің сыртқы бетінің ортасында "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін" деп жазылған.

Медальдағы барлық бейнелер мен жазулар дөңестеу түрде орындалған.
Медаль шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жібек муар лентамен тартылған, ені

34 мм, биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанмен жалғасады. Лентаның шеттерінде ендері 7 мм көгілдір жолақтар, лентаның ортасында төрт сары жолақ - шеткілерінің ендері 4 мм, ортасындағынікі 1 мм - кезек жүргізілген, ендері 2 мм үш қызыл жолақ орналастырылған. Лентаның ені 30 мм.

Медаль киімге түйреуішпен бекітіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

3-1-қосымша

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен .

"Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалінің сипаттамасы

"Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағында жоғарғы жақта ортада жер шарының бейнесі, төменде - жер шары бейнесінің астында қалықтаған "бейбітшілік көгершіні" орналасқан. Жиектің жоғарғы ішкі жағын бойлай "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" деген жазу орналасқан.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу, төменгі жағында - тегіс екі қырлы сәуле шашқан бес бұрышты жұлдыз, күн және қалықтаған қыран орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер, жазулар бедерлі, алтын түстес. Медальдің шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен сол жақ жартысы жасыл түсті, оң жағы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес жібек қатқыл лентамен қапталған ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш нысанындағы тағанға жалғанады.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

3-2-қосымша

Ескерту. 3-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен .

"Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалінің сипаттамасы

"Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалі жезден жасалады және диаметрі 34 мм шеңбер нысанында болады.

Медальдің беткі жағының ортасында қылышпен, садақпен, жебелі қорамсақпен және аттың жалынан жасалған шашақпен безендірілген ұзын найзамен айқастырылған қалқанның бейнесі, төменгі жағында - қол алысуды білдіретін нышан орналасқан. Жиектің жоғарғы ішкі жағын бойлай "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" деген жазу орналасқан.

Медальдің сыртқы жағының ортасында "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері" деген жазу, төменгі жағында - тегіс екі қырлы сәуле шашқан бес бұрышты жұлдыз, күн және қалықтаған қыран орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер, жазулар бедерлі, алтын түстес. Медальдің шеттері ернеумен жиектелген.

Медаль құлақшаның және шығыршықтың көмегімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес жібек қатқыл лентамен қапталған ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрыш нысанындағы тағанға жалғанады. Оған солдан оңға қарай ені 4 мм-ден ақ, сары және жасыл түсті үш жолақ жүргізілген. Жолақтардың ара қашықтығы - 2 мм.

Медаль түйреуіштің көмегімен киімге тағылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

4-қосымша

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" мерекелік медальмен наградтаудың ЕРЕЖЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" мерекелік медаль (бұдан әрі - мерекелік медаль) Қазақстан Республикасы Президентінің Ж а р л ы ғ ы м е н т а ғ а й ы н д а л а д ы .

2. Мерекелік медальмен 2002 жылдың 7 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызметте тұрған, қызметі бойынша жақсы мінездеме алған және өзінің әскери борышын үлгілі атқарып жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылысына елеулі үлес

қосқан басқа да адамдар наградталады.

3. Мерекелік медальмен наградтау туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін Қорғаныс министрі айқындайды.

4. Мерекелік медальді тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, әскери бөлімдер командирлері, соның ішінде командирлер мен бастықтар (басқару органдарының, мекемелерінің, әскери оқу орындарының), жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары (әскери комиссарлар) жүргізеді.

5. Әрбір наградталушыға мерекелік медальмен бірге тиісті куәлік беріледі.

6. Мерекелік медаль наградталушыға әскери бөлімдердің командирлері, соның ішінде командирлер мен бастықтар (әскери басқару органдарының, мекемелерінің, әскери оқу орындарының), жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары (әскери комиссарлар) жасаған және бекіткен тізімдердің негізінде тапсырылады.

Наградталғандар тізімінде мерекелік медальді тапсыру туралы тиісті жазу ж а з ы л а д ы .

7. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл" мерекелік медаль кеуденің сол жақ өңіріне тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар болса, олардан кейін орналастырылады. Аталған медальға лентасымен планка кеуденің сол жағына мемлекеттік награда нышандарынан кейін орналастырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

5-қосымша

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері"

медалімен наградтаудың

ЕРЕЖЕСІ

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалімен қызметі бойынша оң мінездемесі әрі 25 және одан да көп жалпы қызмет өткерген күнтізбелік жылы бар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері наградталады.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалімен наградтау туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін Қорғаныс министрі

а й қ ы н д а й д ы .

4. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, әскери бөлімдер командирлері, соның ішінде командирлер мен бастықтар (әскери басқару органдарының, әскери оқу орындарының), жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары (әскери комиссарлар) жүргізеді. Наградталушыға медальмен бірге белгіленген үлгідегі куәлік та п с ы р ы л а д ы .

5. Әрбір наградталушыға мерекелік медальмен бірге тиісті куәлік беріледі.

6. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері" медалі кеуденің сол жақ өңіріне тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар болса, олардан кейін орналастырылады. Аталған медальға лентасымен планка кеуденің сол жақ өңіріне мемлекеттік награда нышандарынан кейін орналастырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

б-қосымша

"Мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтаудың ЕРЕЖЕСІ

1. "Мінсіз қызметі үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Ж а р л ы ғ ы м е н т а ғ а й ы н д а л а д ы .

2. "Мінсіз қызметі үшін" медалі үш дәрежеден тұрады:

I дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалі - 20 жыл мінсіз қызмет атқарғандарды н а г р а д т а у ү ш і н ;

II дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалі - 15 жыл мінсіз қызмет атқарғандарды н а г р а д т а у ү ш і н .

"Мінсіз қызметі үшін" медалінің ең жоғары дәрежесі I дәреже.

3. "Мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтау төменнен жоғары дәрежеге бірте-бірте жүргізіледі. Алдындағы дәрежелі медальмен наградталмағандарға неғұрлым жоғары дәрежедегі медальмен наградтауға рұқсат берілмейді.

4. "Мінсіз қызметі үшін" медалімен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында 10 және одан да көп жыл қызмет өткерген, қызметінде оң мінездеме алған және өзінің әскери борышын үлгілі атқарған әскери қызметшілер наградталады.

5. "Мінсіз қызметі үшін" медалімен наградтау туралы өтінішті полк, жеке

1. "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалімен Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерде жүргізілетін бітімгершілік операцияларына қатысқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ басқа да адамдар және басқа мемлекеттердің а з а м а т т а р ы н а г р а д т а л а д ы .

3. "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалімен наградтау туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары айқындайды.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің атынан "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары, әскери бөлімдердің командирлері, соның ішінде командирлер мен бастықтар (әскери басқару органдарының, мекемелердің, әскери оқу орындарының), жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары жүргізеді.

5. Әрбір наградталған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде тиісті куәлік б е р і л е д і .

6. "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалі кеуденің сол жақ өңіріне "Мінсіз қызметі үшін" медалінен кейін тағылады, аталған медальға лента жалпы планкада "Мінсіз қызметі үшін" медалінің лентасынан кейін орналасады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

6-2-қосымша

Ескерту. 6-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.06.16. N 1393 жарлығымен .

"Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін"

медалімен наградтау

Ережесі

1. "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалады.

2. "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалімен

халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытуға және жауынгерлік достастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері, сондай-ақ басқа да адамдар және басқа мемлекеттердің азаматтары наградталады.

3. "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалімен наградтау туралы өтініштерді ұсыну және қарау тәртібін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары айқындайды. Медальмен қайтадан наградтау жүргізілмейді.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің атынан "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалін тапсыруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары, әскери бөлімдердің командирлері, соның ішінде командирлер мен бастықтар (әскери басқару органдарының, мекемелердің, әскери оқу орындарының), жергілікті әскери басқару органдарының бастықтары жүргізеді.

5. Әрбір наградталған адамға медальді тапсырумен бір мезгілде тиісті куәлік беріледі.

6. "Халықаралық әскери достастықты дамытқаны үшін" медалі кеуденің сол жақ өңіріне "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалінен кейін тағылады, аталған медальға лента жалпы планкада "Бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін" медалінің лентасынан кейін орналасады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы

№ 8 6 5 Ж а р л ы ғ ы н а

7 қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері медальдарының сипаттамасы мен куәліктерінің үлгілері

Куәліктер 8x11 см. мөлшердегі алты бетті кітапша болып табылды. Куәліктердің мұқабасы көгілдір түсті буминильді негізде жасалып, елтаңба мен жазулар алтын түспен бедерленіп басылған.

Куәлік парақтары сутаңбалы бар қағаздан жасалады.

Куәліктердің нұсқалары қоса беріліп отыр.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2002 жылғы 7 мамырдағы
N 865 Жарлығымен
бекітілген

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

мұқаба

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 10 ЖЫЛ"

Суретті қағаз мәтінінен
қараңыз

тегі

аты

әкесінің аты

1 беті

2 беті

2002 жылғы

Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығына сәйкес

"Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне 10 жыл"

мерейтойлық медалімен наградталды

200_ жылдың _____

Қазақстан Республикасы Президентінің
атынан медаль тапсырылды

(медальді тапсырған тұлғаның лауазымы,

әскери атағы және қолы)

3 беті

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

5 беті

6 беті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 7 мамырдағы

№ 865 Жарлығымен

бекітілген

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

мұқаба

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ
АРДАГЕРІ"

Суретті қағаз мәтінінен
қараңыз

тегі

аты

әкесінің аты

1 беті

2 беті

2002 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығына сәйкес

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің ардагері"
медалімен наградталды

200_ жылдың _____

Қазақстан Республикасы Президентінің
атынан медаль тапсырылды

(медальді тапсырған тұлғаның лауазымы,

әскери атағы және қолы)

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

5 беті

6 беті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2002 жылғы 7 мамырдағы

№ 865 Жарлығымен

бекітілген

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

м ұ қ а б а

"МІНСІЗ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН"

т е г і

а т ы

ә к е с і н і ң а т ы

1 беті

2 беті

2002 жылғы

Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығына сәйкес

20__ жылдың _____ N

_____ бұйрығымен
__ дәрежелі "Мінсіз қызметі
үшін" медалімен наградталды

200__ жылдың _____ N _____

(медальді тапсырған тұлғаның
лауазымы,

_____ бұйрығымен
_____ дәрежелі "Мінсіз
медалімен наградталды

(медальді тапсырған тұлғаның лауазымы,

(әскери атағы және қолы)
қызметі үшін"
_____ 20__ жыл
20__ жылдың _____ N

әскери атағы және қолы)

_____ 20__ жыл

_____ бұйрығымен
__ дәрежелі "Мінсіз қызметі
үшін" медалімен наградталды

(медальді тапсырған тұлғаның
лауазымы,

(әскери атағы және қолы)
_____ 20__ жыл

3 беті

4 беті

Суретті қағаз мәтінінен қараңыз

5 беті

6 беті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК